

09.02.2026 жыл

Директорлар кеңесінің құрамы туралы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2026 жылғы 9 ақпандағы № 55 бұйрығына сәйкес «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ Директорлар кеңесінің құрамына өзгерістер енгізілді.

Аталған бұйрыққа сәйкес Директорлар кеңесінің мүшесі Бейбітгүл Сәрсемханқызы Каримованың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.

Сонымен қатар бұйрыққа қол қойылған күннен бастап үш жыл мерзімге Директорлар кеңесінің жаңартылған құрамы бекітілді. Директорлар кеңесінің құрамына:

- Тоқтыбаев Ернар Дүйсенбекұлы – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Инфрақұрылымдық жобалар, мемлекеттік сатып алу және активтер департаментінің директоры;
- Жайжуманова Әсемгүл Абайқызы – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Мемлекет қатысатын мемлекеттік емес заңды тұлғалармен жұмыс басқармасының басшысы (келісім бойынша);
- Әбіл Ерлан Қуанышұлы – қоғам қайраткері, тәуелсіз директор (келісім бойынша);
- Ералиев Мағжан Абазалұлы – «Абзал и Компания» толық серіктестігінің директоры, тәуелсіз директор (келісім бойынша);
- Шужеева Азиза Тимурқызы – «TECHNOWOMEN» коммерциялық емес ұйымының президенті, тәуелсіз директор (келісім бойынша).

Бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.